

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP23489355 – Қоғамдық тарих әдістерін пайдалана отырып, Қазақстан тарихындағы танымал әңгімелерді жаңғырту
Өзектілігі	Зерттеудің өзектілігі, Қазақстан халқын этникалық және ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл үдерісте мемлекеттің сенімді тарихы мен халықтың дәстүрлі мәдениетін насихаттау маңызды рөл атқарады. Президент Қ.Тоқаев ұсынған «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы, Қазақстан азаматтарының қоғамдық санасына белсенді түрде енгізілуі тиіс тарихи тәжірибеге байыпты сүйене отырып, саяси және экономикалық реформаларды жүргізуді көздейді. Қоғамдық тарих әдісі арқылы, тарихи білім мен қазақстандықтардың түсінігін толықтырып қане қоймай, тарихи жадыны өткен жылдардың мифологиясынан тазартып, ұлттық стратегияны табысты жүзеге асыруда саналы қоғам құрудың негізін қалау.
Мақсаты	Қазақстан халқы мен әлемдік қоғамдастықтың ұлттық тарих пен дәстүрлі мәдениетке деген қызығушылықтың өсуін қанағаттандыру үшін, кең аудиторияға қолжетімді, ғылыми-көпшілік форматта сенімді, ғылыми негізделген академиялық тарихи баяндауды түсіндіру және танымал ету.
Міндеттері	Қазақстанның ақпараттық кеңістігін қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы қолжетімді әрі танымдық материалдармен толықтырып, ел азаматтарының тарихи санасын, ұлттық патриотизмін және мемлекеттің болашағына деген азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін жобаны іске асыру логикасына сәйкес келесі міндеттер айқындалды: 1. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты ғылыми әдебиеттерді зерделеу және талдау, халыққа және халықаралық қауымдастыққа танымал етуге жарамды материалдарды іріктеу; кеңестікке дейінгі кезеңдегі қазақ тарихы, этнографиясы және фольклоры жөніндегі басылымдарды шолу; кеңестік историографиядағы қазақ халқының тарихи өткенінің негізгі тұжырымдамаларын талдау. 2. Әлемнің жетекші зерттеу орталықтарындағы қоғамдық тарихты жазу және танымал ету тәжірибесін зерделеу; ұлттық тарих пен дәстүрлі мәдениетті дәріптеу тетіктерін әзірлеу. 3. Жобаның мақсаты, өзектілігі және қол жеткізілген нәтижелері туралы ақпаратты тарату мақсатында сайт құру. 4. Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдерге арналған бес интерактивті карталар топтамасын жасау — палеолит тұрақтарынан бастап орта ғасырларға дейінгі кезеңдерді қамтып, жазбаға дейінгі тарихтың әртүрлі сатыларының хронологиясын түсіндіретін мәтіндермен қоса беру. 5. Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері, тарихи тұлғалары мен дәстүрлі мәдениеті жөніндегі 12 ғылыми-көпшілік брошюраның баспаға дайындалуын қамтамасыз ету.

	6. Белгілі тарихшылар мен антропологтармен сұхбат сценарийлерін әзірлеу және бейнетүсірілімін жасау. 7. Ежелгі мәтіндерден, әдеби шығармалардан, халық ауыз әдебиетінен, сондай-ақ шетелдік және отандық авторлардың еңбектерінен алынған үзінділер негізінде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы көлемі 10 баспа табақ хрестоматияны баспаға дайындау. 8. Қазақтың вербалды және мінез-құлықтық этикеті жөніндегі анықтамалықты баспаға дайындау. 9. Жоба тақырыбы бойынша шетелдік рецензияланған басылымдарда 4 мақала немесе шолу, сондай-ақ ҚР ҒЖБМ БҒССҚК ұсынған отандық басылымдарда 2 мақала жариялау. 10. Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларға арналған естелік іс-шаралардың сценарийлерін әзірлеу бойынша әдістемелік құрал дайындау. 11. Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірінде қоғамдық тарих мамандарын даярлауға арналған оқу бағдарламасын әзірлеу.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	1. Жоба аясында Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Web of Science дерекқорына енгізілген, сондай-ақ Scopus базасындағы CiteScore пайыздығы кемінде 35 болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда 2 мақала немесе шолу жариялау, сонымен қатар БҒССҚК ұсынған шетелдік және (немесе) отандық рецензияланатын басылымдарда 4 мақала немесе шолу жариялау жоспарланған. 2. Бағдарлама нәтижелері қазақ халқының тарихы мен дәстүрлі мәдениетіне арналған хрестоматияда (көлемі – 10 баспа табақ), қазақтың этикеті туралы анықтамалықта (көлемі – 3 баспа табақ), Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері, көрнекті тарихи тұлғалар мен дәстүрлі мәдениетке арналған 12 ғылыми-көпшілік брошюрада жарияланады. 3. Жоспарланбайды. 4. Жоспарланбайды. 5. Зерттеу нәтижелерін кеңінен тарату түрлі ақпараттық арналары арқылы жүзеге асырылады: әлеуметтік желілерде, теледидар бағдарламаларында, YouTube-арналарда және т.б. 6. Конкурстық құжаттаманың талаптары мен жобаның ерекшеліктеріне сәйкес өзге де өлшенетін нәтижелер. Бұл бөлімде қосымша төмендегі көрсеткіштер келтіріледі: 1) Әрбір күтілетін нәтижелердің қолданылу саласы және мақсатты тұтынушылары: Бағдарлама нәтижелерін қолдану салалары – мемлекеттік және жергілікті мәдениет пен білім беру мекемелері, кино және телеиндустрия, туризм саласы, білім беру жүйесі. Нәтижелердің мақсатты тұтынушылары – Қазақстан халқы және жаһандық халықаралық қауымдастық. 2) Жобаны іске асырудың күтілетін нәтижесі – отандық тарихтың ғылыми негіздегі нұсқасын кеңінен таныстыратын қоғамдық тарих (public history) саласын дамыту. Бұл бағыт тарихи сананы қалыптастыруға және тарихи білімді көпшілікке танымал етуге ықпал етеді.

	3) Бағдарлама нәтижелері келесі мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін: кино және телесериалдар, балалар мен ересектерге арналған телебағдарламалар мен YouTube арналар үшін сюжеттер дайындауда; меморациялық іс-шаралар сценарийлерін әзірлеуде және т.б. 4) Бағдарламаны іске асырудың басты әлеуметтік әсері – Қазақстан халқы мен халықаралық қауымдастықтың еліміздің шынайы, ғылыми негіздегі тарихына деген қызығушылығын қанағаттандыру. Сондай-ақ, қоғамдық тарих курсын меңгерген тарих факультетінің түлектері тарихи білімді БАҚ-та, теледидар, әлеуметтік желілер мен YouTube арқылы насихаттай алады. 5) Жобаның өзге де тікелей және жанама нәтижелері, олардың сапалық және сандық сипаттамалары көрсетіле отырып: 1. Қазақстан тарихы мен мәдениетінің әртүрлі кезеңдеріне қатысты отандық және шетелдік тарихшылардың еңбектеріне талдау жасалады. Бұл мәліметтер Қазақстанның танымал тарихын құрастыруда пайдаланылады. Кеңестік кезеңге дейінгі этнография және фольклор саласындағы басылымдарға аналитикалық шолу жүргізіледі. Қазақ халқының тарихи өткенінің кеңестік историографиядағы негізгі концепциялары жөнінде аналитикалық жазба дайындалады. 2. Қоғамдық тарихты жазу және насихаттау бойынша әлемдегі ірі ғылыми орталықтардың тәжірибесі зерттеліп, сол негізде отандық тарих пен дәстүрлі мәдениетті танымал етудің тиімді тетіктері әзірленеді. 3. Жобаның мақсаты, өзектілігі және қол жеткізілген нәтижелері туралы ақпаратты тарату мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің сайтында веб-парақша құрылады. 4. Қазақстан аумағында палеолит дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі маңызды тарихи кезеңдерді қамтитын, әр кезеңнің хронологиясын сипаттайтын түсіндірме мәтіндерімен толықтырылған 5 интерактивті карта жасалады. Бұл карталар елдің тарихи тереңдігін, маңызын және құндылығын көрсетуге мүмкіндік береді. 5. Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері, көрнекті тарихи тұлғалар мен қазақтың дәстүрлі мәдениетіне арналған 12 ғылыми-көпшілік брошюра қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көреді. Бұл басылымдар Қазақстан халқының да, әлемдік қауымдастықтың да тарихи таным көкжиегін кеңейтіп, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және Қазақстан имиджін ілгерілетуге септігін тигізеді. 6. Қазақстан тарихының маңызды мәселелеріне арналған 15 минуттық 10 сұхбат бейнежазбасы дайындалып, YouTube арнасында жарияланады. Сұхбаттар танымал ғалымдармен жүргізіледі. 7. Қазақ халқының тарихы мен дәстүрлі мәдениеті туралы хрестоматия жарық көреді. Онда ежелгі мәтіндерден, әдеби шығармалардан, халық ауыз әдебиетінен, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінен алынған үзінділер арқылы қазақ
--	---

	қоғамының әртүрлі тарихи кезеңдердегі өмірі, мемлекеттік құрылымы, басқа мемлекеттермен өзара байланысы және күнделікті өмір салты сипатталады. 8. Қазақ халқының күнделікті өмірі мен салт-дәстүрінде қолданылатын вербалды және мінез-құлықтық нормаларды қайта жаңғыртуға негіз болатын қазақ этикеті жөніндегі анықтамалық жарық көреді. 9. Жоба барысында жиналған материалдар негізінде ғылыми мақалалар жазылып, жарияланады. Гранттық қаржыландыру талаптарына сәйкес, жоба тақырыбы бойынша Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Web of Science дерекқорына енгізілген, сондай-ақ Scopus базасында CiteScore көрсеткіші кемінде 35 болатын журналдарда 2 мақала немесе шолу жарияланады. Сонымен қатар, БҒССҚК ұсынған шетелдік және (немесе) отандық рецензияланатын басылымдарда 4 мақала немесе шолу жарық көреді. 10. Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларға арналған коммеморациялық іс-шаралар сценарийлерін әзірлеуге арналған әдістемелік құрал дайындалып, мемлекеттік және жергілікті мәдениет пен білім беру мекемелеріне арналады. 11. Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірінде қоғамдық тарих саласы бойынша мамандарды терең даярлауға бағытталған оқу бағдарламасы әзірленіп, енгізіледі. Қол жеткізілген нәтижелер: 1. 2026 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес хрестоматияны басып шығару көзделген. Осыған байланысты хрестоматияға енгізілетін ғылыми еңбектердің дерекқоры құрылды. Кеңестік историографияда қазақ халқының тарихи өткені туралы негізгі тұжырымдамаларға арналған аналитикалық жазбаны доцент Н. Тасилова дайындады. 2. Қазақ тарихының ғылыми нұсқасын әлемге танымал ету тәжірибесі әлемнің жетекші ғылыми орталықтарындағы мысалдар негізінде профессор Ж. Күндәбаева тарапынан зерттелді (Қосымша 3: аналитикалық жазба). 3. Жоба аясында КОКНВО ұсынған рецензияланатын ғылыми журналда бір мақала жарық көрді: Тасилова Н., & Ибрагимова, М. (2025). Қазақстан тарихы бойынша Темір әулеті деректерінің ерекшеліктері мен ғылыми маңызы. Journal of History, 116(1). https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1971 <u>Мақала сілтемесі</u> 4. Жобаның мақсаты, өзектілігі және қол жеткізілген нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын ресми сайт құрылды: https://tilda.kz/page/?pageid=57959729 5. EUI (Еуропалық университеттік институт, Флоренция, Италия) аясында академиялық іссапар жүзеге асырылды. Іссапар барысында қоғамдық тарих саласындағы халықаралық тәжірибе зерделеніп, академиялық байланыстар орнатылды, әрі ғылыми жарияланымдарға және ағартушылық жобаларға арналған материал жиналды.
--	---

	6. Қазақстанның жазбаға дейінгі тарихына арналған интерактивті карталар әзірленіп, түсіндірме мәтіндерімен бірге орналастырылды. Карталар палеолиттен бастап орта ғасырларға дейінгі кезеңдерді қамтиды: «Тас дәуірі» картасы: https://arcg.is/0K1i5r «Қола дәуірі» картасы: https://arcg.is/0GO1qe «Ерте темір дәуірі» картасы: https://arcg.is/1y8bru «Ерте орта ғасырлар» картасы: https://arcg.is/ryuTD «Дамыған орта ғасырлар» картасы: https://arcg.is/081D8z «Қазақстан петроглифтері: Ғасырлар көзімен» картасы: https://arcg.is/1u9D8T 7. ESCAS халықаралық конференциясына қатысу жүзеге асырылды. Жоба нәтижелері таныстырылып, шетелдік әріптестермен кәсіби байланыстар орнатылды, әрі жобаның ғылыми жалғасын дамыту үшін ұсыныстар мен пікірлер алынды. 8. Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері, тарихи тұлғалар мен дәстүрлі мәдениетке арналған 12 ғылыми-көпшілік брошюраның макеттері әзірленіп, баспаға дайындалуда.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	1. Кундакбаева Жанат Бековна – тарих ғылымдарының докторы, профессор h-index: 1 Researcher ID: N-7439-2014 ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3074-6332 Scopus Author ID: 57188835180 2. Кадырбаев Александр Шайдатович – тарих ғылымдарының докторы, профессор h-index: 1 ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9543-8563 Scopus Author ID: 57208109565 3. Тасилова Назия Айтбайқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы h-index: 2 ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9777-1893 Scopus Author ID: 57189597976 4. Байдаuletova Мадина Досбергеновна – PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3847-7758 5. Қабдолдина Керім Қуанышқызы – Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы h-index: – Researcher ID: – ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6703-6871 Scopus Author ID: –
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	1. Тасилова Н., & Ибрагимова, М. (2025). Қазақстан тарихы бойынша Темір әулеті деректерінің ерекшеліктері мен ғылыми маңызы. Journal of History, 116(1). https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1971

Патенттер туралы ақпарат

-